«БЕКІТЕМІН»
«Жезқазған музыкалық
колледжі» КМҚК директоры
_____________ Ж.А.Аманбеков
«_10_» _қаңтар_ 2023 ж.

# Ұлытау облысы білім басқармасының «Жезқазған музыкалық колледжі» КМҚК
# **Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты**

**Жезказган-2023**

«Жезқазған музыкалық колледжі» КМҚК-ның сыйбаслас жемқорлыққа қарсы саясаты

## 1.Жалпы ережелер

1.«Жезқазған музыкалық колледжі» КМҚК (бұдан әрі-Кәсіпорын) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы саясаты (бұдан әрі-сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат) оқу орнында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарын,сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың салдарын барынша азайтудың және (немесе) жоюдың басқарушылық және ұйымдастырушылық негіздерін белгілейді.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатының көрсетілген ережелерді сыбайлас жемқорлықтан қатаң бас тарту ахуалын қалыптастыруға бағытталған.

2.Сыбайлас жемқорлыққа карсы саясат сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың тиімді жүйесін құруға бағытталған қызмет.

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Кәсінорындарынның лауазымды тұлғаларының өз өкілеттіліктері шегіндегі қызмет.

3.1. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу,оның ішінде сыбайлас жемқорлықтың себептерін анықтау және кейіннен жою (сыбайлас жемқорлықтың алдын алу) бойынша;

3.2. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың аңықтау,алдын алу, жолын кесу және ашу бойынша (сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес).

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың ережелерді Кәсінорынның барлық қызметкерлеріне қолданылады.

## 2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың саусақты мен міндеттерді

5.Сыбайлас жемқорлықтан бас тартатын және лауазымдық міндеттерін орындау кезінде адалдық пен сатылмаушылық қағидаттарын қамтамасыз ететін Кәсіпорын қызметкерлерінің құқықтық мәдениетін қалыптастыру сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың негізгі мақсаты болып табылады.

6.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың міндеттері:

1) Сыбайлас жемқорлықты тудыратын себептер мен жағдайларды жою;

2) Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу;

3) Кәсіпорын қызметкерлерін Қазақстан Республикасының ішкі нормативтік құжаттарды қатаң сақтауға тәрбиелеу.

## 3. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шаралары

7. Кәсіпорында сыбайлас жеморлықтың алдын алу келесі негізгі шараларды қолдану арқылы жүзеге асырылады:

1) Кәсіпорын қызметкерлерінде сыбайлас жемқорлық мінез-құлқына төзбеушілікті қалыптастыру: - сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы ҚР заңнамалық және өзге де актілерінің нормаларын қызметкерлерге түсіндіру; - Кәсіпорында және квазимемлекеттік сектордың өзге де ұйымдарында және мемлекеттік органдарда анықталған сыбайлас жемқорлық фактілер туралы Кәсінорын қызметкерлерінің назарына жеткізу; - Кәсінорын қызметкерлерімен түсіндіру әңгімелерін өткізу.

2) Кәсіпорынның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлеріне, оның ішінде бос лауазымға орналасуға кандидаттарға біліктілік талаптарын қою;

3) Кадр жұмысының практикасына лауазымды адамның өзінің қызметтік міндеттерін ұзақ, мінсіз және тиімді орындауы оны жоғары тұрған лауазымға тағайындау кезінде немесе оны көтермелеу кезінде міндетті түрде ескерілуге тиіс ережені енгізу;

4) Кәсіпорын қызметкерлеріне, сондай-ақ үшінші тұлғаларға Кәсіпорынның лауазымды адамдары тарапынан жасалған немесе жасалатын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар және басқа да заңға қайшы әрекеттер туралы белгілі болған фактілер немесе күдіктер туралы хабарлау құқығын қамтамасыз ету.

## 4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі бағыттары

8. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Кәсіпорын қызметінің негізгі бағыттары:

- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласынжа Кәсінорынның бірыңғай саясатын жүргізу: мемлекеттік органдармен, сыртқы ұйымдармен, сондай-ақ азаматтармен және азаматтық қоғам институттарымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша Кәсіпорынның өзара ісқимыл тетігін құру;
- Кәсіпорын қызметкерлерін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға неғұрлым белсенді қатысуға тартуға, олардың санасында сыбайлас жемқорлық мінез-құлқына теріс көзқарасты қалыптастыруға бағытталған әкімшілік және өзге де шараларды қабылдау;
- қызмет көрсету кезінде адалдықты, ашықтықты, адал бәсекелестікті және объективтілікті қамтамасыз ету.

9. Кәсінорынның өзге қызметкері, сондай-ақ үшінші тұлға сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға итермелеу фактілері туындаған жағдайда және/немесе осындай фактілер туралы ақпараты бар. Кәсіпорын қызметкерлері мекеменің басшылығына дереу хабарлауға міндетті.

10. Бұндай әрекеттерді жасау туралы өтініштер терғеліп, қажет болған жағдайда кінәлі адамдарды жауапқа тартуды және уәкілетті мемлекеттік

органдарды хабардар етуді қоса алғанда, өзінің кисынды аяқталуына дейін жеткізілетін болады.

## 5. Мүдделер қақтығысын болдырмау және реттеу тәртібі

11. Кәсіпорын қызметкерлері міндетті:
1) мүдделер қақтығысының туындауының кез келген мүмкіндігіне жол бермеу жөнінде шаралар қабылдауға;
2) туындаған мүдделер қақтығысы туралы немесе оның туындау мүмкіндігі туралы өзінің тікелей басшысына ол туралы белгілі болған бойда хабарлауға міндетті;
3) мүдделер қақтығысын болғызбау және реттеу жөнінде өзге де шаралар қолдануға құқылы.
12. Мүдделер қақтығысының алдын алу немесе реттеу мүдделер қақтығысының тарабы болып табылатын Кәсіпорын қызметкерінің лауазымдық немесе қызметтік жағдайын оны белгіленген тәртіппен қызметтік міндеттерін атқарудан шеттеуге дейін өзгертуден тұруы мүмкін.

## 6. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілік

13. Кәсіпорын қызметкерлері сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасаған үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қылместық, әкімшілік және тәртіптік жауаптылықта болады.

ҰЛЫТАУ ОБЛЫСЫ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
«ЖЕЗҚАЗҒАН
МУЗЫКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРЫНЫ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
КАЗЕННОЕ ПРЕДПРИЯТИЕ
«ЖЕЗКАЗГАНСКИЙ
МУЗЫКАЛЬНЫЙ КОЛЛЕДЖ»
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
ОБЛАСТИ ҰЛЫТАУ

**БҰЙРЫҚ** / **ПРИКАЗ**

*10.01.2023ж.* № *07-04/01ә*

Жезқазған қаласы / город Жезқазған

**Жезқазған музыкалық колледжі КМҚК сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын бекіту туралы**

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес БҰЙЫРАМЫН;

1.Ұлытау облысы білім басқармасының Жезқазған музыкалық колледжі КМҚК сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты бекітілсін..

2.Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3.Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Директор** **Ж.А.Аманбеков**

*Орындаған: Директордың тәрбие-ісі жөніндегі орынбасары А.Т.Оразбекова*
*Кадрлар жөніндегі инспектор А.Абилхасанова*

000360